КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2026 жылы 17 ақпан №4712-25-00-2/4866 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Борашева,
сот отырысының хатшысы Г.Матжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«3A Alliance Trade» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі – М.А.Қазақ
жауапкердің өкілдері – Е.А.Какенов, Б.Б.Аюпов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылы 10 маусымда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №030240000329/251090/00 келісім шарт (әрі қарай-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде тығыздама тығындамасын (әрі қарай-Тауар) жеткізуге міндеттеме алған.

Шарттың жалпы құны 30 797 407.65 теңге құрайды.

Тапсырыс 26 маусым 2025 жылы берілген. Жауапкер міндеттемелерді – 26 шілде 2025 жылға дейін орындауға болуы тиіс.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер тауарды 18 тамыз 2025 жылы жеткізген, тапсырыс беруші қабылдап алған. 22 қыркүйек 2025 жылы веб-портал арқылы тауарды қабылдап алу актілері тараптардың келісуімен қайтарылған.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамағанын, яғни тиісті Тауар жетікзілмегенін көрсетіп, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, техникалық ерекшелікке сәйкес тауар жеткізмегенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілдері сот отырысында талап қоюмен келіспей, Шартқа сәйкес тауар Шартқа сай, уақытылы жеткізілген, тапсырыс беруші қабылдап алғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай- Заң) 8-бабының 4–тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарттың 1.1.-тармағына сай Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Талап қоюшымен тапсырыс берілген күні – 26 маусым 2025 жыл. Жауапкермен міндеттемелерді орындау мерзімі – 26 шілде 2025 жыл.

Сотта анықталғандай, Тапсырыс берушімен тауарды пайдалану барысында бірқатар кемшіліктер анықталып, осыған байланысты жауапкерге 12 қыркүйек 2025 жылы №0107/41 шағым хаты мемлекеттік сатып алу порталы арқылы «растау құжаттары» батырмасы арқылы жолданған.

Аталған ескертпе хатқа жауапкер 19 қыпкүйек 2025 жылы Шартта көзделген тауардың 2 данасын алып кетуге рұқсат беру туралы хат жолдаған.

22 қыркүйек 2025 жылы талап қоюшы тарапынан жауапкерге

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 24.02.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жеткізілген тауар шартқа сай емес екені анықталуына байланысты тауарды қабылдап-алу актісін қайтарып алуға ұсыныс жасаған.

Жауапкер өз тарапынан аталған ұсыныспен келісіп, тауарды қабылап-алу туралы актісін қайтарып алған.

Сонымен қатар, 19 қыркүйек 2025 жылы жауапкер жеткізілген тауарды алып кеткен.

29 қазан 2025 жылы жауапкер тауардың бағасы екі есе өсуіне байланысты тауарды ауыстыруға мүмкіндігі жоғын хабарлаған.

Сондай-ақ, жауапкермен жеткізген тауарды алып кеткен кезде және тауарды қабылдау туралы актілерін қайтарып алған кезде талап қоюшыға ешқандай қарсылық келтірмеген.

Жауапкердің осы іс-әрекеттері Шартқа сәйкес тауар жеткізілмегенін растайды.

Сондықтан жауапкердің тиісті тауар жеткізгенін және талап қоюшымен дұрыс пайдаланбаған деген уәждері негізсіз.

Демек, жауапкермен жеткізілген Тауардың сипаттамасы техникалық ерекшелікте сай емес болған, яғни жауапкермен тиісті Тауар жеткізілмеген.

АК-нің 8-бабының 4,5,7-тармақтарына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Бұл міндетті шарт арқылы алып тастауға немесе шектеуге болмайды. Азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың адал, парасатты және әділ әрекет жасауы көзделеді.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа тұлғаға зиян келтіруге, құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді.

Осы баптың 3-6-тармақтарында көзделген талаптар сақталмаған жағдайда сот адамға тиесілі оның құқығын қорғаудан бас тарта алады.

Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қоюды сотқа жолдаған.

Демек, талап қоюшы сотқа жүгіну мерзімін өткізбеген.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сонымен қатар АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден мемлекет пайдасына 2 163 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 24.02.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«3A Alliance Trade» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне келтірген жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«3A Alliance Trade» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404- баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 24.02.2026

4712-25-3-6/520